

**"Ғарыштық техника және технологиялар институты"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
Бақылау кеңесінің сырттай отырысының
2024 жылғы 10 желтоқсандағы
№8 хаттамасынан
№ 5 ҮЗІНДІ**

Атауы: «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік).

Серіктестіктің орналасқан жері: 050061, Алматы қ., Кисловодская көшесі, 34.

Дауыс беру қорытындысын жинақтау орны (дауыс беру хаттамасын дайындау): Алматы қ., Кисловодская көшесі, 34, «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Дауыс беру қорытындысын жинақтау күні: 2024 жылғы 10 желтоқсан.

Дауыс беруді қорытындылау уақыты: 16 сағат 00 минут.

Серіктестіктің Бақылау кеңесінің (бұдан әрі – Кеңес) сырттай отырысын өткізуге «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабына және Серіктестік Жарғысының 34-тармағына сәйкес, Серіктестіктің 2024 жылғы 25 қарашадағы № 01-01-06/586 хаты бастамашылық етті.

Дауыс беруге арналған бюллетеньдермен сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарламалар (Серіктестіктің 2024 жылғы 29 қарашадағы №01-01-06/600, №01-01-06/601, №01-01-06/602 хаттары) Кеңестің барлық мүшелеріне жіберілді.

Белгіленген мерзімде Кеңестің 3 мүшесінің 3 (үшеуі) өз қолдарымен толтырылған дауыс беру бюллетеньдерін ұсынды: Шуленбаев Қуандық Ислямович (төраға), Тлеубергенов Олжас Жаилқанұлы және Ибраимов Ғалымжан Уалханұлы.

Кеңестің шешім қабылдауы үшін кворум бар.

Күн тәртібі:

6. Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдарда корпоративтік басқарудың жаңа үлгілік кодексін ескере отырып, Серіктестіктің пысықталған корпоративтік басқару кодексін жаңа редакцияда бекіту.

Күн тәртібіндегі алтыншы мәселесі «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдарда корпоративтік басқарудың жаңа үлгілік кодексін ескере отырып, Серіктестіктің пысықталған корпоративтік басқару кодексін жаңа редакцияда бекіту».

Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша дауыс беруге қойылған ұсыныстар:

1) Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодекстің 2024 жылғы 23 сәуірдегі жаңа редакциясын ескере отырып, «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің корпоративтік басқару кодексі жаңа редакцияда бекітілсін;

2) «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атқарушы органы Бақылау кеңесінің осы шешімін іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

Дауыс беру:

1. Шуленбаев Қ.И. - ИЯ.
2. Тлеубергенов О.Ж. – ҚАЛЫС ҚАЛҒАН.
3. Ибраимов Ғ.У. - ИЯ.

Барлығы:

ИЯ – 2, ҚАРСЫ – 0, ҚАЛЫС ҚАЛҒАН – 1. Кеңес мүшесі О.Ж. Тлеубергеновтың негіздемесі қоса беріледі.

Кеңес мүшесі О.Ж. Тлеубергеновтың күн тәртібіндегі алтыншы мәселесі бойынша негіздемесі:

"Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, КБК жобасында Бас директордың қызметін бағалау тәртібі мен бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу шарттарын қарастыру қажет".

Ескертулерді ескере отырып, алтыншы мәселе бойынша Кеңес дауыстардың көпшілігімен мынадай шешім қабылдады:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес, Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодекстің 2024 жылғы 23 сәуірдегі жаңа редакциясын және ұсынылған іс-шараны ескере отырып, «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің корпоративтік басқару кодексі жаңа редакцияда бекітілсін;

2. «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атқарушы органы Бақылау кеңесінің осы шешімін іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

Кеңестің хатшысы



Әлиева Б.К.

Товарищество с ограниченной ответственностью
«Институт космической техники и технологий»

На № 01-01-06/601 от 29.11.2024 г.

Рассмотрев материалы по вопросам повестки дня заочного заседания Наблюдательного совета товарищества с ограниченной ответственностью «Институт космической техники и технологий» (далее – Товарищество), сообщаю, что по вопросам повестки дня № 1-4, 7 голосую «За».

По вопросу № 5 «Утверждение Плана работы Наблюдательного совета Товарищества на 2025 год» (далее – проект Плана)».

Исходя из норм Типового Кодекса корпоративного управления, а также сложившейся практики в организациях с государственным участием, Товариществу необходимо предусмотреть регламент разработки ключевых показателей деятельности (далее – КПД) с пороговыми, целевыми и фактическими значениями исполнительного органа Товарищества, где определяется степень достижения целевых планок по КПД, отражаются формулы расчетов каждого ключевого показателя карты КПД, характеризуется ожидаемый уровень от результата деятельности, установлены пороговые и целевые значения, отражен мониторинг результативности и т.д.

В связи с чем, в проекте Плана необходимо предусмотреть мероприятия по утверждению карты КПД Генерального директора Товарищества на 2025 год, а также отчета об исполнении карты КПД Генерального директора.


Учитывая это, от голосования «Воздерживаюсь».

По вопросу № 6 «Утверждение доработанного Кодекса корпоративного управления Товарищества в новой редакции, с учетом нового Типового кодекса корпоративного управления в контролируемых государством акционерных обществах» (далее – проект ККУ)».

Учитывая вышеизложенное, в проекте ККУ необходимо предусмотреть порядок оценки деятельности и условия выплаты вознаграждения Генерального директора по итогам работы за год.

Учитывая это, от голосования «Воздерживаюсь».

Член Наблюдательного совета



О. Тлеуберенов

du

«Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС
Бақылау кеңесінің шешімімен
2024 жылғы «23» сәуірдегі
№2 хаттамасымен,
«Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС
Бақылау кеңесінің шешімімен,
2024 жылғы «10» желтоқсандағы
№8 хаттамасымен
жаңа редакцияда,
«Бекітілген»

**«Ғарыштық техника және технологиялар институты»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
Корпоративтік басқару кодексі**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі - Кодекс) «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Институт, Серіктестік) Жарғысына, Институтта және басқа мүдделі тараптармен корпоративтік басқару қағидастары мен ережелерін белгілейді.

2. Кодекс Институтта корпоративтік басқаруды жетілдіруге және жүйелеуге, басқарудың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуге, Институттың тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға дайындығын растауға бағытталған.

3. Кодекс Институт ішінде және нарықтың басқа қатысушыларымен қарым-қатынаста іскерлік этиканың жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін, Институт өз қызметі барысында ұстанатын ережелер мен ұсыныстардың жиынтығы болып табылады.

4. Институт осы Кодекстің ережелерін бейімдеуге және қолдануға бағытталған қосымша ішкі құжаттарды әзірлеуге және қабылдауға құқылы.

5. Осы Кодексте тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

1) жоғары орган - Институттың Жалғыз қатысушысы ретінде Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті;

2) басқарушы орган - Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша Жалғыз қатысушының шешімімен қалыптасатын және Серіктестіктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Институттың Бақылау кеңесі;

3) атқарушы орган - Институт Директоры;

4) Институт органдары - Жалғыз қатысушы, Бақылау кеңесі, Институт Директоры;

5) Институттың Бақылау кеңесінің хатшысы - Институттың Бақылау кеңесінің және (немесе) атқарушы органының мүшесі болып табылмайтын, Бақылау кеңесі тағайындаған және Институттың Бақылау кеңесіне есеп беретін, ал әкімшілік мәселелер бойынша Институттың атқарушы органына есеп беретін Институт қызметкері;

6) корпоративтік басқару - Институттың қызметін басқаруды және бақылауды қамтамасыз ететін және Институттың Жалғыз қатысушы мен тиімді рентабельді қызметінің мүдделері үшін Институт органдары арасындағы қатынастарды қамтитын процестер жиынтығы. Корпоративтік басқару, сонымен қатар, Институттың құрылымын анықтайды, оның көмегімен мақсаттары, осы мақсаттарға жету жолдары, сонымен қатар, қызмет нәтижелерін бақылау және бағалау белгіленеді;

7) корпоративтік оқиғалар - "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Заңның 102-бабында айқындалған эмитент инвесторларының бағалы қағаздарын ұстаушыларының мүдделерін қозғайтын, эмитент қызметіне елеулі ықпал ететін оқиғалар;

8) корпоративтік қақтығыс - Институттың Жалғыз қатысушысы мен органдары; Бақылау кеңесі және атқарушы органның мүшелері, ревизиялық комиссиясының мүшелері (ревизор), Бақылау кеңесінің хатшысы арасындағы келіспеушіліктер немесе даулар;

9) серіктестер - бірлескен жобалардағы жеткізушілер мен мердігерлер;

10) даму жоспары - жарғылық капиталға қатысу үлесі мемлекетке тиесілі Институттың қызметінің негізгі бағыттары мен қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін бес жылдық кезеңге айқындайтын құжат;

11) ғарыш саласын дамыту тұжырымдамасы - Институттың даму жоспары үшін қызметтің мақсаттарын, міндеттерін және түйінді көрсеткіштерін айқындайтын мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаты;

12) тиімділіктің түйінді көрсеткіштері (индикаторлары) (бұдан әрі – ТТК) – Институт қызметінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін Институт қызметінің, Институттың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің тиімділік деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер. ТТК-тің, оның ішінде Институттың даму жоспарының және/немесе іс-шаралар жоспарының құрамында Институт үшін бекітілетін немесе Институттың әрбір қызметкері үшін саралап бекітілетін және олардың жоспарланған және

есепті кезендердегі қызметінің нәтижелеріне сәйкес келетін жылдар бойынша бөлінетін сандық мәні болады;

13) мүдделі тараптар – заңнамаға, жасалған шарттарға (келісімшарттарға) немесе жанама түрде (тікелей емес) Институт қызметіне, олардың өнімдеріне немесе қызметтеріне және соған байланысты әрекеттеріне ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін жеке немесе заңды тұлғалар, жеке немесе заңды тұлғалар тобы; мүдделі тараптардың негізгі өкілдері – Жалғыз қатысушы, қызметкерлер, клиенттер, жеткізушілер, мемлекеттік органдар, облигация ұстаушылар, кредиторлар, инвесторлар, қоғамдық ұйымдар және Институт қызметі жүзеге асырылатын өңірлердің тұрғындары.

14) орнықты даму – бұл Институт өз қызметінің қоршаған ортаға, экономикаға әсерін және мүдделі тараптардың мүдделерін сақтауды ескере отырып, шешімдер қабылдайтын даму. Орнықты даму болашақ ұрпақты өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігінен айырмай, қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыруы керек.

6. Қызметті жүзеге асыру кезінде, Институт мыналарды қамтамасыз етеді:

1) Институтты заңдылық қағидатын және тиісті жауапкершілік деңгейін сақтай отырып, өкілеттіктерді, есептілік пен тиімділікті ажырата отырып басқару;

2) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі;

3) мүдделер қақтығысын болдырмау.

7. Институттың осы Кодекстің орындалуын бақылауды Институттың Бақылау кеңесі жүзеге асырады. Бақылау кеңесінің хатшысы осы Кодексті тиісінше сақтау мәселелері бойынша мониторинг жүргізеді және Институттың Бақылау кеңесі мен атқарушы органға консультация береді, сонымен қатар, жыл сайынғы оның қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп қалыптастырады.

2-тарау. Корпоративтік басқару қағидаттары

8. Институт корпоративтік басқаруды Институт қызметінің тиімділігін арттыру, оның беделін нығайту және оған капитал тарту шығындарын азайту құралы ретінде қарастырады. Корпоративтік басқару жүйесі Институттың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасында өкілеттіктер мен жауапкершіліктерді бөлуді қарастырады.

9. Институттың корпоративтік басқаруы әділдікке, адалдыққа, жауапкершілікке, ашықтыққа, кәсібилікке және құзыреттілікке негізделген. Корпоративтік басқару құрылымы Институт қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге негізделеді және Институттың табысты қызметіне, оның ішінде оның құндылығының өсуіне, қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты қолдауға ықпал етеді.

10. Осы Кодекстің негізін қалайтын қағидаттар:

1) өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты;

duf

- 2) Жалғыз қатысушының құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- 3) тиімді басқару қағидаты;
- 4) орнықты даму қағидаты;
- 5) Институттың қызметі туралы ақпаратты жариялаудың ашықтығы мен тәуелсіздігінің қағидаты;
- 6) тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау қағидаты;
- 7) корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын әділ реттеу қағидаты.

11. Кодексте баяндалған корпоративтік басқару қағидаттарын ұстану Институт қызметіне объективті талдау жүргізу және талдаушылардан, қаржы кеңесшілерінен және рейтингтік агенттіктерден ұсыныстар алу үшін тиімді тәсілді құруға ықпал етеді.

3-тарау. Өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты

12. Жалғыз қатысушының, Бақылау кеңесінің және Институт Директорының құқықтары, міндеттері мен құзыреті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Жарғыға сәйкес айқындалады және оларда бекітіледі.

13. Мемлекеттік орган Институттың Жалғыз қатысушысы ретіндегі өз өкілеттіктерін және Институттың да, Жалғыз қатысушының да мүдделеріне ықпал етпейтін мүдделер қақтығысының алдын алу мақсатында мемлекеттік функцияларды орындауға байланысты өкілеттіктердің аражігін ажыратады. Мемлекеттік орган тиісті саланың дамуын ынталандыруды ескере отырып, Институттың ұзақ мерзімді бағасын (құндылығын) арттыру мақсатында Институт қатысушының функцияларын жүзеге асырады.

14. Институт өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жарғыда айқындалатын өзінің негізгі (бейінді) қызметі шеңберінде жүзеге асырады. Қызметтің жаңа түрлерін жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексімен реттеледі.

15. Мемлекеттік орган Институттың Жалғыз қатысушысы ретінде Институтты басқаруға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, Институт Жарғысында көзделген Жалғыз қатысушының өкілеттігін іске асыру және Институттың Бақылау кеңесінде өкілі арқылы қатысады.

16. Институт пен мүдделі тұлғалардың, сондай-ақ нарыққа қатысушылардың арасындағы мәмілелер мен қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде коммерциялық негізде және институттың негізгі міндеттерінің бірі Қазақстан Республикасының қандай да бір салаларын дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру немесе іске асыруға жәрдемдесу болып табылатын жағдайларды қоспағанда, нарықта әділ бәсекелестікті қолдау мақсатында жүзеге асырылады.

17. Институт Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жалпы заңдарды, салық нормалары мен қағидаларын қолданудан босатылмайды.

duf

18. Институт Тапсырыс беруші ретінде мемлекеттік сатып алуға қатысқан кезде қолданылатын рәсімдер конкурсты қолдауға кемсітушілікке жол бермеуге, ашықтықты қамтамасыз етуге негізделеді және "Мемлекеттік сатып алу туралы" және "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының талаптары ескеріле отырып жүргізіледі.

19. Мемлекеттік орган мен Институт арасындағы өзара қарым-қатынас (өзара іс-қимыл) тиісті корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес Бақылау кеңесі және/немесе Институт Директоры арқылы жүзеге асырылады. Институттың Бақылау кеңесінің рөлі мен функциялары белгіленеді және Институттың Бақылау кеңесі туралы ережеде бекітіледі.

20. Институт, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және Институт Жарғысына сәйкес, Институт қызметі туралы барлық қажетті ақпаратты Жалғыз қатысушыға және Бақылау кеңесіне жариялайды және барлық мүдделі тұлғаларға қызметінің айқындылығын қамтамасыз етеді.

21. Корпоративтік басқару жүйесі келесі тараптардың арасындағы қатынастарды қарастырады:

- 1) Жалғыз қатысушы;
- 2) Бақылау кеңесі;
- 3) Директор;
- 4) мүдделі тараптар;
- 5) Институт Жарғысына сәйкес айқындалатын өзге де органдар.

Институтта органдар туралы бекітілген ережелер, сонымен қатар, ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес тиісті лауазымдарға арналған лауазымдық нұсқаулықтар болуы қажет.

Осы құжаттардың ережелерін сақтау корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен дәйектілігін қамтамасыз етеді.

22. Орнықты дамуды қамтамасыз ету мақсатында, Институтта бірыңғай есепке алу саясаты, әдістемелік ұсынымдар мен корпоративтік стандарттар қалыптастырылады және бекітіледі, оларды әзірлеу және бекіту тәртібі Институттың Жарғысымен және ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленеді.

23. Институттың негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі - Даму жоспарында көрініс табатын Институттың ұзақ мерзімді құнының өсуі және орнықты дамуын қамтамасыз ету. Барлық қабылданған шешімдер мен әрекеттер Даму жоспарына сәйкес болуы керек.

Институт пен оның атқарушы органы қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі элементі ТТК жүйесі болып табылады. Жалғыз қатысушы Бақылау кеңесіндегі өкілдері арқылы (немесе жазбаша хабарлама арқылы) стратегиялық бағыттарды және жыл сайынғы ТТК көрсеткіштері бойынша өз үміттерін хабарлайды.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, ТТК көрсеткіштеріне қол жеткізу мақсатында, Институт Даму жоспарын әзірлейді.

Институттың Даму жоспарын Бақылау кеңесі бекітеді.

duf

4-тарау. Жалғыз қатысушының құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты

24. Институттағы корпоративтік басқару Жалғыз қатысушының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және құрметтеу қағидатына негізделген және Институттың тиімді қызметіне, соның ішінде Институттың ұзақ мерзімді құнының өсуіне, оның қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығын сақтауға ықпал етеді.

25. Институт, белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Институт Жарғысына сәйкес, Жалғыз қатысушының құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз етеді.

26. Институттың Жалғыз қатысушы мен органдары арасында ақпарат алмасу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, Бақылау кеңесі туралы ережемен және Институттың ішкі құжаттарымен реттеледі.

27. Жалғыз қатысушы белгілі бір кезеңдегі қызметтің қорытындысын шығару және Институт Жарғысына сәйкес өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін, Бақылау кеңесі мүшелері мен Директордың қатысуымен отырыстар өткізе алады.

5-тарау. Дивидендтік саясат

28. Жалғыз қатысушыға дивидендтерді төлеу шарттары мен тәртібіне қатысты ақпаратқа, сондай-ақ дивидендтерді төлеу кезінде Институттың қаржылық жағдайы туралы дұрыс ақпаратқа қол жеткізу қамтамасыз етіледі.

29. Дивидендтік саясат Бақылау кеңесі және/немесе Директор Жалғыз қатысушыға өткен қаржы жылындағы институттың таза кірісін бөлу туралы ұсыныстарды дайындау кезінде басшылыққа алатын қағидаттарды айқындайды. Дивидендтік саясат келесі принциптерге негізделген:

1) Жалғыз қатысушының мүдделері мен құқықтарын сақтау және қорғау, оның ішінде заңнамада көзделген дивидендтер Институтының кепілдендірілген төлемін қамтамасыз ету;

2) ұйымның ұзақ мерзімді құнын ұлғайту;

3) ұйымның қаржылық орнықтылығын, оның ішінде макроэкономикалық факторлардың әсерін ескере отырып қамтамасыз ету;

4) Институттың қаражаты есебінен іске асырылатын қызмет түрлері мен инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қоса алғанда, ұйымның ұйымды одан әрі дамытуға бағытталған қызметті қаржыландырудағы қажеттіліктері арасындағы оңтайлы теңгерімді қамтамасыз ету, активтердің оңтайлы құрылымы сақталған жағдайда, Жалғыз қатысушының дивидендтер нысанында қаражатты қайтарудағы қажеттіліктері;

5) дивидендтердің мөлшерін айқындау тетігінің ашықтығын қамтамасыз ету;

Def

6) Жалғыз қатысушының қысқа мерзімді (кіріс алу) және ұзақ мерзімді (ұйымның дамуы) мүдделерінің теңгерімділігі;

7) ұйымның таза табысы өскен жағдайда дивидендтік төлемдердің ұлғаюын қамтамасыз ету;

8) ұйымның дивидендтерінің мөлшерін оның жетілу дәрежесіне және оның қаржылық тұрақтылығы мен өтімділігінің негізінде айқындалатын қаржы-экономикалық жай-күйіне қарай айқындауға сараланған тәсілді пайдалану;

9) Институт жасасқан шарттарда белгіленген міндеттемелерді сақтау.

30. Дивидендтік саясатта таза табысты бөлу және оның дивидендтер төлеуге жіберілетін бөлігін айқындау тәртібі, дивидендтер мөлшерін есептеу тәртібі, оларды сақтау кезінде жарияланатын шарттар, дивидендтерді төлеу тәртібі мен мерзімі де регламенттеледі.

31. Дивидендтік саясат дивидендтерді төлеуге бағытталған институттың таза пайдасының үлесін анықтау тәртібін белгілейді.

32. Дивидендтік саясатта Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Заңнамасының және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес дайындалған ұйымның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігінде көрсетілген таза кіріс сомасын негізге ала отырып, дивидендтер мөлшерін есептеу тәртібі көрсетіледі.

33. Тоқсанның не жарты жылдың қорытындылары бойынша дивидендтер төленген немесе өткен жылдардың бөлінбеген пайдасын бөлген жағдайда, сондай-ақ жекелеген жағдайларда дивидендтердің мөлшерін тиісті кезеңдер үшін таза табысты бөлу тәртібін бекіту туралы мәселені қарау кезінде ерекше тәртіппен Жалғыз қатысушы айқындайды.

34. Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау үшін Бақылау кеңес Институттың өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу және бір жылдағы дивиденд мөлшері туралы ұсынысты Жалғыз қатысушының қарауына ұсынады.

35. Дивидендтер төлеу экономикалық негіздеме болған кезде және егер мұндай төлем ұзақ мерзімді перспективада институт қызметінің тұрақтылығының нашарлауына не Институттың төлем қабілетсіздігіне әкеп соқпаған жағдайда жүзеге асырылады.

36. Институт Жалғыз қатысушы мен инвесторларға ынтымақтастықтың, келісімдер мен серіктестіктің кез келген нысандары мен шарттары туралы ақпаратты ашады.

6-тарау. Институтты тиімді басқару қағидаты

37. Институт органдары:

- 1) Институттың жоғары органы - Жалғыз қатысушы;
- 2) басқарушы органы - Институттың Бақылау кеңесі;
- 3) Институттың атқарушы органы - Институт Директоры.

duf

38. Институт органдарының құзыреті, оларды сайлау (тағайындау) тәртібі, сонымен қатар, олардың шешімдер қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына, Институттың Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

7-тарау. Тиімді Бақылау кеңесі

39. Бақылау кеңесі ұйымға стратегиялық басшылық жасауды және атқарушы органның қызметіне бақылауды қамтамасыз ететін Жалғыз қатысушыға есеп беретін басқарушы органы болып табылады.

40. Бақылау кеңесі Жалғыз қатысушының алдында өз қызметінің толық ашықтығын, сонымен қатар, осы Кодекстің барлық ережелерін енгізуді қамтамасыз етеді.

41. Бақылау кеңесі өз функцияларын Мемлекеттік мүлік туралы заңға, жауапкершілігі шектеулі серіктестік туралы, Институт Жарғысына, осы Кодекске, Бақылау кеңесінің ережесіне және Институттың өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

42. Бақылау кеңесі келесі мәселелерге ерекше назар аударады:

1) Даму жоспарын айқындау және өзектендіру;
2) Даму жоспарында белгіленетін ТТК көрсеткіштерін қою және бақылау;

3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау және негізгі тәуекелдерді сәйкестендіру;

4) Бақылау кеңесінің құзыреті шеңберінде ірі инвестициялық жобаларды және басқа да негізгі стратегиялық жобаларды тиімді іске асыруды бекіту және мониторингілеу;

5) Институттың жұмысын және тиісті тәуекелдерді анық көрсететін ақпаратты, оның ішінде қаржылық есептілікті ашып айту;

6) корпоративтік басқару және этика;

7) Институтта осы Кодекстің және Институттың Іскерлік этика саласындағы корпоративтік стандарттарының (Іскерлік этика кодексінің) ережелерін сақтау.

43. Бақылау кеңесінде Институт мүддесі үшін және барлығына әділ көзқарасты ескере отырып, тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білімнің тепе-теңдігі сақталады.

44. Бақылау кеңесі Жалғыз қатысушымен сайланатын кемінде 3 (үш) мүшенің құрамында бес жылдан аспайтын мерзімде құрылады. Серіктестіктің қызметкерлері Бақылау кеңесінің мүшелері бола алмайды.

45. Серіктестіктің Бақылау кеңесінің құрамына Жалғыз қатысушының өкілдері, Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның өкілдері және тәуелсіз мүшелер кіреді.

duf

46. Бақылау кеңесінің төрағасы (бұдан әрі - Төраға) Бақылау кеңесінің мүшелерінен Бақылау кеңесі мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік даусымен сайланады.

47. Бақылау кеңесінің мүшесі тәуелсіз деп танылады, егер ол:

1) осы Серіктестіктің үлестес тұлғасы болып табылмайды және ол Бақылау кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде Серіктестіктің үлестес тұлғасы ретінде болмаған;

2) мемлекеттік қызметші болып табылмайды;

3) Серіктестік органдарының отырыстарында Жалғыз қатысушының өкілі болып табылмайды және ол Бақылау кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде ол Жалғыз қатысушының өкілі ретінде болмаған;

4) аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Серіктестіктің аудитіне қатыспайды және ол Бақылау кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған.

Қазақстан Республикасының заңнамасында, Серіктестіктің Жарғысында, ішкі құжаттарында, Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне, олардың өз міндеттерін атқаруы кезеңінде белгіленген тәртіппен Жалғыз қатысушының шешімі бойынша Бақылау кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауға байланысты сыйақы төленуі және (немесе) шығыстары өтелуі мүмкін.

Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшесінің сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде, Бақылау кеңесінің құрамына осы адамның қатысуынан Серіктестік үшін күтілетін оң нәтиже, Серіктестік қызметінің ауқымы, Даму жоспарында айқындалатын ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер, Серіктестік қызметінің оң қаржылық нәтижесі, Бақылау кеңесі қарайтын мәселелердің күрделілігі назарға алынады.

Сыйақы мен шығыстардың өтемақысын төлеу шарттары мен мөлшері Бақылау кеңесінің төрағасы қол қоятын Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшесімен тиісті келісімде көрсетіледі.

48. Бақылау кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Бақылау кеңесінің жаңа мүшесі сайланған жағдайда, соңғысының жалпы Бақылау кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

49. Бақылау кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі Жалғыз қатысушы Бақылау кеңесінің жаңа құрамын сайлау жөнінде шешім қабылдаған кезде аяқталады.

50. Бақылау кеңесінің құрамына кандидаттарды іріктеу кезінде келесі жағдайлар назарға алынады:

1) басшылық лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі;

2) Бақылау кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі;

3) жұмыс өтілі;

4) халықаралық сертификаттардың болуын қоса алғанда, білімі,

мамандығы;

5) бағыттар мен салалар бойынша құзыреттердің болуы (салалар активтер портфеліне байланысты өзгеруі мүмкін);

Handwritten signature

- 6) іскерлік бедел;
- 7) тікелей немесе ықтимал мүдделер қақтығысының болуы.

51. Бақылау кеңесінің төрағасы:

- 1) Бақылау кеңесінің жұмысына басшылық жасайды, Бақылау кеңесінің отырыстарын өткізуді ұйымдастырады, оларға төрағалық етеді, оның отырыстарын жүргізеді, отырыстардың хаттамаларына қол қояды;
- 2) Жалғыз қатысушымен тиімді байланысты қамтамасыз етеді, сонымен қатар, Жалғыз қатысушының көзқарасын тұтастай Бақылау кеңесіне жеткізуді қамтамасыз етеді;
- 3) Бақылау кеңесі мүшелерінің шешімдер қабылдау үшін толық және өзекті ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді;
- 4) Бақылау кеңесінің тапсырмасы бойынша Серіктестік атынан Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшелерімен шарттарға қол қояды;
- 5) Бақылау кеңесінің отырыстарын жоспарлайды және Бақылау кеңесі отырысының күн тәртібін қалыптастырады;
- 6) Бақылау кеңесінің стратегиялық мәселелерді қарауға және Бақылау кеңесінің қарауына жататын ағымдағы (операциялық) сипаттағы мәселелерді барынша азайтуға назар аударуын қамтамасыз етеді;
- 7) талқылауға жеткілікті уақыт бөлу, келісілген шешімдерге қол жеткізу арқылы Бақылау кеңесінің отырыстарын өткізудің барынша нәтижелілігін қамтамасыз етеді;
- 8) Бақылау кеңесі мен Жалғыз қатысушының қабылдаған шешімдерінің тиісінше орындалуына бақылау мен қадағалауды қамтамасыз етеді;
- 9) жанжалдар туындаған кезде оларды шешу және ұйымның қызметіне теріс әсерді барынша азайту жөнінде шаралар қабылдайды және мұндай жағдайларды өз күшімен шешу мүмкін болмаған жағдайда Жалғыз қатысушыны уақтылы хабардар етеді;
- 10) Бақылау кеңесінің мүшесі өз міндеттерін тиісінше орындамаған жағдайда, Бақылау кеңесінің тиісті мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтінішхатпен Жалғыз қатысушыға жүгінуге құқылы;
- 11) заңнамада және Жарғыда көзделген өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

52. Бақылау кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Бақылау кеңесінің шешімі бойынша Бақылау кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

53. Мемлекеттік қызметшілер болып табылатын Бақылау кеңесінің мүшелеріне, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдарға сыйақы төленбейді.

8-тарау. Бақылау кеңесінің хатшысы

54. Бақылау кеңесінің қызметін тиімді ұйымдастыру және Бақылау кеңесінің, атқарушы органның мүшелері Жалғыз қатысушымен өзара іс-

duf

қимыл жасау мақсатында, Бақылау кеңесі Бақылау кеңесінің хатшысын тағайындайды.

55. Бақылау кеңесі Бақылау кеңесінің хатшысын тағайындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды, өкілеттік мерзімін, қызметінің функциялары мен тәртібін, лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындайды.

56. Бақылау кеңесінің хатшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына, Серіктестіктің Жарғысына, осы Ережеге және Серіктестіктің басқа да ішкі құжаттарына, сондай-ақ Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы мен Бақылау кеңесінің шешімдеріне сәйкес Серіктестік органдарының арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

57. Мүдделер қайшылығынын туындауын болдырмау үшін, Бақылау кеңесінің хатшысы өз қызметін Серіктестіктің Бақылау кеңесінің келісімімен ғана Серіктестіктегі басқа функцияларды орындаумен ұштастыруға құқылы.

58. Бақылау кеңесінің хатшысы өз қызметінде Серіктестіктің Бақылау кеңесінің төрағасы өкілдік ететін Бақылау кеңесіне, ал әкімшілік мәселелер бойынша Серіктестіктің атқарушы органына есеп береді және тікелей бағынады.

59. Бақылау кеңесінің хатшысы мәселелерді Бақылау кеңесінің қарауына шығаруды, сондай-ақ Серіктестіктің Бақылау кеңесінің отырыстарын дайындауды және өткізуді қамтамасыз етеді, Бақылау кеңесінің отырысына материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді, оларға қолжеткізуді қамтамасыз етуге бақылау жүргізеді.

60. Бақылау кеңесінің хатшысы өз қызметін жүзеге асыру үшін Серіктестіктің барлық құрылымдық бөлімшелерімен және оның лауазымды тұлғаларымен өзара іс-қимыл жасайды.

Жаңа міндеттерді жүктеу осы Кодексте және Институттың ішкі құжаттарында сипатталған, орындалатын функциялардың сапасына теріс әсер келтірмеуі қажет. Жаңа функциялар басқа құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың функцияларын қайталамауы тиіс.

Бақылау кеңесі хатшысының құзыреті мен қызметі Институттың ішкі құжаттарымен айқындалады.

9-тарау. Ревизиялық комиссия (Ревизор)

61. Ревизиялық комиссиясы (ревизоры) Жалғыз қатысушының шешімі негізінде Серіктестіктің қаржы-шаруашылық және өзге де қызметін бақылауды жүзеге асырады.

62. Ревизиялық комиссиясы (ревизоры) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына есеп береді және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады.

63. Серіктестіктің Ревизиялық комиссиясы немесе ревизоры Серіктестік Жарғысында көрсетілген, бес жылдан аспайтын мерзімге Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының шешімімен сайланады және тағайындалады.

64. Ревизиялық комиссиясы, егер Серіктестік Жарғысында оның мүшелерінің неғұрлым көп саны көзделмесе, бес адамнан аспайтын құрамда құрылады. Ревизиялық комиссиясының функцияларын орындау ревизор ретінде Серіктестік қатысушыларының өкіліне жүктелуі мүмкін.

65. Ревизиялық комиссиясының мүшелері (ревизор) бір мезгілде Серіктестіктің атқарушы органының мүшесі бола алмайды.

66. Ревизиялық комиссиясына (ревизорға) қойылатын біліктілік талаптары:

1) кадрлар даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және қосымша арнайы даярлық, аудиторлық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл;

2) кәсіби бухгалтер сертификаттарының, САР сертификатының, аудитор сертификатының, АССА Dіріfr сертификатының болуы;

3) тиісті бағыт бойынша жалпы жұмыс өтілі (бухгалтер және/немесе аудитор) 10 жылдан асу;

4) ҚР Бюджет кодексін, ҚР Салық кодексін білу.

67. Ревизиялық комиссиясына (ревизорға) тағайындалған, сондай-ақ Серіктестіктің қызметкерлері болып табылатын тұлғалар Серіктестіктің Жалғыз қатысушымен жұмыстан босату туралы мәселені келіскеннен кейін ғана Серіктестік басшылығының бастамасы бойынша жұмыстан босатылуы мүмкін.

68. Ревизиялық комиссиясының (ревизордың) өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға Серіктестік директорының Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына жолдауы негіз болып табылады. Серіктестіктің Ревизиялық комиссиясының (ревизорының) өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатады.

69. Жүктелген міндеттерді тиісінше орындау Ревизиялық комиссиясы (ревизор) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және институт Жарғысына сәйкес әзірленген Институттың ревизиялық комиссиясы (ревизоры) туралы Ережеге тіркелген.

70. Ереже Ревизиялық комиссиясының (ревизоры) құру тәртібі мен құрамын, оның құзыретін, құқықтарын, өкілеттіктері мен міндеттерін, сондай-ақ Ревизиялық комиссиясының жауапкершілігін және оның жұмысын ұйымдастыруды айқындайды.

71. Ревизиялық комиссиясының (Ревизордың) жұмысы және оның қызметін қаржыландыру және қамтамасыз ету үшін сыйақы мәселелері Жалғыз қатысушының шешімімен көзделеді.

Ревизиялық комиссиясының мүшелерінің (ревизорының) лауазымдық жалақысының мөлшері Серіктестіктің атқарушы органының ұсынымы бойынша Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының шешімімен айқындалады. Ревизиялық комиссиясының мүшелерінің (ревизорының) жалақысын есептеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

72. Институттың ағымдағы қызметіне басшылықты атқарушы орган жүзеге асырады.

Институттың атқарушы органы жоғары кәсіби және жеке қасиеттерге, адал іскерлік беделге ие және этикалық стандарттарды ұстанады.

Атқарушы органның ұйымдастырушылық қабілеті бар, сонымен қатар, Жалғыз қатысушымен белсенді өзара іс-қимылда жұмыс істейді және олармен диалогты, Бақылау кеңесін, қызметкерлерді және басқа да мүдделі тараптарды конструктивті түрде құрады.

73. Атқарушы орган Бақылау кеңесінің басшылығымен Институттың Даму жоспарын әзірлейді.

Атқарушы орган қамтамасыз етеді:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Институттың Жарғысы мен ішкі құжаттарының нормаларына, Жалғыз қатысушының, Бақылау кеңесінің шешімдеріне сәйкес қызметті жүзеге асыру;

2) тәуекелдерді дұрыс басқару және ішкі бақылау;

3) Жалғыз қатысушының, Бақылау кеңесінің шешімдерін іске асыру үшін ресурстар бөлу;

4) Институт қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі;

5) Институт қызметкерлерінің қызығушылығы мен адалдығы атмосферасын құру, корпоративтік мәдениетті дамыту.

74. Атқарушы орган Институттың оңтайлы ұйымдық құрылымын құруды қамтамасыз етеді.

Ұйымдастырушылық құрылым мыналарға бағытталған:

1) Шешім қабылдау тиімділігі;

2) Институттың өнімділігін арттыру;

3) шешімдер қабылдаудың жеделдігі;

4) ұйымдастырушылық икемділік.

